

DOI: <https://doi.org/10.47344/cmaj9446>

FTAMP: 10.77.01

Қылмыстық жолмен табылған цифрлық активтерді айыптау үкімінсіз тәркілеуде туындайтын құқықтық мәселелер

Тойлибек Симбаев

Maqsut Narikbayev University, Астана, Қазақстан

email: t_simbayev@kazguu.kz

Аңдатпа

Мақалада қылмыстық жолмен табылған цифрлық активтерге (криптовалюта, токен, NFT (Non-fungible token) және өзге де электрондық-цифрлық құқықтар) қатысты мүлікті тәркілеу мәселесі қарастырылады. Цифрлық активтер — экономика дамуының, қауіпсіздік пен ашықтықтың, инвестицияның, қаржылық демократияның символы болып табылады. Мақалада цифрлық активтердің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудағы рөлі талданады. Қазақстан Республикасы мүше болып табылатын The Financial Action Task Force (FATF) халықаралық стандарттары талданады. Қазіргі кездегі өзекті құқықтық мәселелердің бірі цифрлық активтерді тәркілеу механизмін құру болып табылады. Мақалада аталған механизмді құрудың маңыздылығы көрсетіледі. Тәжірибедегі мысалдар және кейстер, сонымен қатар шетел мемлекеттерінің үлгілері сараланып, оларды Қазақстан Республикасында қолданудың тиімділігі талданады. Тәркілеу механизмінен кейінгі цифрлық активтердің сақталуы және одан әрі тиімді қолданылу процесіне құқықтық саралау жүргізіледі. Тәркіленген цифрлық активтердің Binance Kazakhstan цифрлық активтер биржасында сақталуының және құқық қорғау органдарының криптобиржаларда криптоәмиян пайдалануының тиімділігі және заңдылығы талданады. Мақалада тәркіленген цифрлық активтерді қауіпсіз сақтаудың маңыздылығы, сақталған цифрлық активтер туралы ақпараттардың ашықтығы әрі мемлекетте тәркіленген цифрлық активтерге деген толық бақылау функциясының пайда болуын реттейтін механизмдерді құру мәселелері түсіндірілген. Мақалада соттың айыптау үкімінсіз тәркілеу (non-conviction based confiscation) институтын қолданудың Қазақстан Республикасы үшін маңызы анықталады. Айыптау үкімінсіз мүлікті тәркілеу институтының кінәсіздік презумпциясының және меншік құқығының бұзылмауына сәйкестігіне құқықтық баға беріледі.

Кілт сөздер: цифрлық активтер, Binance Kazakhstan, цифрлық активтер биржасы, криптовалюта, криптоәмиян, Non-conviction based confiscation

Кіріспе

Мүлікті тәркілеу қосымша жазасы мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде Рим құқығынан белгілі және ұзақ уақыт бойы тек соттың айыптау үкімінің күшімен қылмыстық жаза ретінде қолданылып келеді. Алайда, әлемде қазіргі кезде трансұлттық қылмыстардың көбеюі, сыбайлас жемқорлықтың дамуы, сондай-ақ цифрлық активтерді пайдаланудың қарқынды түрде өсуімен дәстүрлі қылмыстық-құқықтық құралдар тиімділіктің жоғары деңгейін көрсете алмауда.

XX ғасырдың соңынан бастап адамзат дамуының тарихы цифрлық даму жолына көшкен болатын. XXI ғасырдың басынан цифрландыру жүйесіне әлемнің дамыған

мемлекеттерінің назары ауды. Цифрландыру – цифрлық ортада бұрын цифрлық өнімдер пайдаланылмаған, ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды тиісті қызметтің жекелеген аспектілеріне жалпы енгізуді көздейтін, ал экономикалық қызмет пен мемлекеттік басқаруға қатысты қызметтің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін цифрлық технологияларды енгізуді және (немесе) қолдануды көздейтін функциялар мен қызметті жүзеге асыруды ұйымдастыру және басқару процесі (ТМД қатысушы мемлекеттерінің парламентаралық ассамблеясы, 2023).

Цифрландырудың қарқынды дамуы жаңа қаржылық құралдардың пайда болуына жол ашты. Соның бірі криптовалюта – бағдарламалық жасақтама арқылы автоматты түрде жасалатын және басқарылатын математикалық принциптерге негізделген орталықтандырылмаған айырбасталатын цифрлық валюта (Долгиева М. М., 2019). Криптовалюта, токен және өзге цифрлық активтерді электрондық нысандағы мүлік деп айтуға болады. Яғни, меншік иесінің өз меншігіндегі цифрлық активтеріне меншік құқығы мойындалады. Бірақ цифрлық активтердің дамуы құқықта жаңа құқық объектілерінің пайда болуына алып келеді. Мәселен, англосаксондық құқық жүйесіндегі мемлекеттерде дәстүрлі түрде жеке мүліктің тек екі санаты ғана танылады, (a) things in possession; және (ә) things in action. Цифрландырудың дамуы англосаксондық құқық жүйесіндегі мемлекеттерге цифрлық активтер үшін үшінші меншік санатын әзірлеу қажеттілігін тудырды (Ho, Kan Jie Marcus, 2023).

Цифрлық активтердің азаматтық айналым объектісі ретіндегі табиғатын сипаттайтын бірқатар өлшемдер де ұсынылады. Нақтырақ айтсақ, цифрлық актив материалдық емес нысанда болады. Бірақ, оның құқықтық құндылығы нақты экономикалық мүддемен және азаматтық-құқықтық қатынастарда айналымға түсе алу қабілетімен айқындалады. Цифрлық актив өзіне тән ерекше белгілерге ие: заңды тәртіпте танылуы, дербес айқындалуы, иелену, пайдалану және билік ету құқығын қамтамасыз ете алуы. Сонымен қатар, мәмілелердің нысаны болуға жарамдылығын да осы тізімге қосуға болады (Shipikova, 2023). Демек, цифрлық активтің құқықтық табиғаты оның тек техникалық емес, ең алдымен азаматтық-құқықтық мәнге ие дербес объект екенін көрсетеді.

Цифрлық активтердің дамуы және кеңінен қолданылуы қоғамға тек өз пайдасын ғана емес, зиянын да ала келді. Дамудың инновациялық әлеуетіне қарамастан, цифрлық активтер құқыққа және заңға қайшы бірқатар құқық бұзушылық әрекеттерге жол ашты. Мәселен, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және салық төлеуден жалтару (Houben & Snyers, 2018). Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы Қазақстан Республикасы 2009 жылы 28 тамызда *«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы»* Заң (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ туралы Заң) қабылдаған болатын. Алайда, цифрландырудың дамуымен, аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар цифрлық активтердің көмегімен жасалуда. Цифрлық активтердің қылмыстық құқық бұзушылықтарда кеңінен қолданылуының және құқық қорғау органдарының қылмыстарды ашуда жолығатын қиындықтарының негізгі 4 себебі бар (Werbach, 2023):

- 1) Цифрлық активтер кез келген мақсатта қолдануға бейімделе алады;
- 2) Орталықтандырылмаған құрылымдар нақты субъектке заңды жауапкершілікті жүктеуде қиындық тудырады;
- 3) Блокчейндер жаһандық сипатқа ие, сондықтан ұлттық заңдарды қолдануды қиындатады;
- 4) Ұлттық заңнаманы қолданған күннің өзінде, нарық қатысушылары анонимді түрд

әрекет етуі және географиялық тұрғыдан әр жерде орналасуы мүмкін.

Цифрлық активтердің заңсыз айналымы бойынша қылмыстық істер санының өсуіне қарамастан, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында мемлекет пайдасына цифрлық активтерді тиімді алып қоюға, тыйым салуға немесе тәркілеуге мүмкіндік беретін құқықтық немесе техникалық нақты заң механизмінің жоқтығы күрделі мәселе туындатады. Осылайша, цифрлық активтерді тәркілеуде бірқатар негізгі мәселелер туындайды: біріншіден, бізге таныс дәстүрлі мүлікті тәркілеуден басты айырмашылығы, цифрлық активтер тек бөлінген цифрлық жүйелерде болады және оларды басқару құқығы жеке кілті бар меншік иесіне ғана тиесілі. Құқық қорғау органдары цифрлық активтерге кілтті ерікті түрде берусіз немесе техникалық араласусыз қол жеткізе алмайды. Осылайша, құқықтық тәуекелдер пайда болады.

Екіншіден, қазіргі криптовалюта платформалары көп жағдайда заңды тұлғаларға, әсіресе мемлекеттік органдарға, мемлекеттік қызметтегі тұлғаларға криптоэмияндарды ашуға және оларды жеке тұлғалармен бірдей шарттарда басқаруға мүмкіндік бермейді. Аталған мәселені уақытша айналып өту мақсатында, Қаржылық мониторинг Агенттігі (бұдан әрі - ҚМА) Әділет министрлігінде криптоэмиян ашқан болатын. Алайда, бұл шешімнің нақты нормативтік негіздемесі жоқ, әрі мәселенің тек уақытша шешімі ғана болып табылады. Мемлекеттік органдардың криптоэмиян ашуы жеке меншік саласына заңсыз араласу және цифрлық активтердің айналымы тәуекелін де жоққа шығармайды.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасында тәркіленген цифрлық активтердің жеке криптовалюталық платформада сақталуы (мысалы, Binance Kazakhstan). Аталған механизм бірнеше құқықтық тәуекелдер туындатады. Өйткені тәркіленген цифрлық активтердің сақталуын мемлекеттік орган қамтамасыз етуі тиіс әрі тәркіленген цифрлық активтер мемлекеттік органда сақталуы тиіс.

Қазақстан Республикасында азаматтық тәркілеу институты жоқтығына қарамастан, ҚР ҚПК 71-тарауы, 667-бабында көзделген мүлікті сот үкімі шығарылғанға дейінгі тәркілеуді қолдану көзделген. Аталған тәжірибе халықаралық тәжірибеге сүйене отырып негізделген. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, сот үкімі шығарылғанға дейін мүлікті тәркілеу non-conviction-based confiscation (бұдан әрі – NCBC) деп аталады. Бірақ аталған модельді Қазақстан Республикасында қолдану бірнеше құқықтық сұрақтар туындатады. Мәселен, NCBC моделін қолдану кінәсіздік презумпциясы қағидатына және меншік құқығына қаншалықты сәйкес келеді? Тиісті нормативтік нақтылық және кепілдіктерсіз NCBC моделіне жақындау жария және жеке мүдделердің құқықтық тепе-теңдігінің бұзылуына алып келуі мүмкін.

Әсіресе, тиісті құралдар мен нормативтік-құқықтық негіздерсіз тәркілеу техникалық түрде мүмкін болмайтын цифрлық активтерге келгенде ерекше назар аударуды талап етеді. Криптовалюталардың анонимділігі, криптоэмияндарға қолжетімділіктің болмауы, сондай-ақ цифрлық активтерді басқаруға байланысты арнайы мемлекеттік органның болмауы – цифрлық нысанда алынған қылмыстық кірістерге бақылауды жоғалту қаупін күшейтеді. Яғни, цифрлық активтерді тәркілеуде, тыйым салуда бірқатар қиындықтар туындайды.

Әдебиетке шолу

Мүлікті тәркілеу мәселелері, әсіресе соттың айыптау үкімінсіз мүлікті тәркілеу (NCBC) отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде кеңінен талқылануда. Бірқатар авторлар мұндай шаралардың тиімділігі мен адам құқықтарын сақтау арасындағы тепе-теңдік мәселелерін қарастырады. Сондай авторлардың бірі, Allena (2019) соттың айыптау үкімінсіз тәркілеудің

итальяндық режимінің мемлекеттік басқаруға қарсы қылмыстарға кеңінен қолданылуы адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияның кепілдіктеріне сәйкес келетініне күмән тудыратынын атап өтеді. Өзінің мақаласында Hryniewicz-Lach (2023) заңды тұрғыда дәлелденбеген байлықты тәркілеу және NCBC сияқты жаңа режимдер әділ сот ісін жүргізу құқығын және тиімді құралдарды қамтамасыз ететін нақты кепілдіктерді талап ететінін атап көрсеткен.

Процестік аспектілер тұрғысынан қарағанда да бірқатар мәселелер туындайды. Tromme (2019) NCBC моделі прагматикалық негіздерге сүйенеді деп санайды. Өйткені бұл механизм дәстүрлі қылмыстық шараларға қарағанда сыбайлас жемқорлықпен күресудің тиімді құралы болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 54(1)(с) бабының ережелері бойынша, егер қылмыскердің қайтыс болуы, бас сауғалауы немесе болмауы себепті немесе басқа да тиісті жағдайларда оның ізіне түсу мүмкін болмаған кезде істер бойынша қылмыстық іс жүргізу шеңберінде мемлекеттерге мүлікті айыптау үкімінсіз тәркілеу мүмкіндігін қарастырады. Jan Peter Rui және Sieber (2015) өз еңбектерінде аталған халықаралық норма романо-германдық жүйесі бар мемлекеттерде де айыптау үкімінсіз мүлікті тәркілеу (NCBC) енгізуге негіз жасайды деп көрсеткен. БҰҰ мүшесі болғандықтан, әрі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенцияны ратификациялағандықтан, ол тізімде Қазақстан Республикасы да бар. Ұқсас ұстанымды Lelieur (2015) құптайды, ол өз мақаласында мүлік пен жасалған қылмыс арасындағы себептік байланысты дәлелдеудің қиындықтарын көрсетеді, бұл активтерді оқшаулау мен кейіннен тәркілеуді орынды етеді. Okpara and Kalu (2020) Нигерияның тәжірибесін талдай отырып, меншік иесінің әділ сот ісін жүргізу құқығын және қос жауапкершіліктен қорғауды қоса алғанда, іс жүргізу кепілдіктерінің қажеттілігіне баса назар аударады.

Сонымен қатар, әдебиеттерде халықаралық ынтымақтастық жағынан мүлікті тәркілеудің маңыздылығы атап өтіледі. Мәселен, Cassella (2021) АҚШ Әділет министрлігі шет мемлекеттердің активтерді, әсіресе жоғары лауазымды мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қатысты активтерін қайтару туралы өтініштеріне басымдық беретінін көрсетеді. Da cruz (2021) активтерді қайтару тиімділігін арттыру үшін Еуропалық Одақ елдерінде тәркілеу туралы шешімдерді тану мен орындаудың бірыңғай стандарттарын белгілеу қажеттілігіне назар аударады.

Ғылыми әдебиеттерде дәстүрлі тәсілдерді сынау да байқалады. Мәселен, Caleb Nelson (2016) өзінің «The constitutionality of civil forfeiture» атты мақаласында NCBC моделінің конституциялығына талдау жасайды. Ғалымдар айыптау үкімінсіз тәркілеудің заңдылығы мен шегін әртүрлі бағалайды. Отандық әдебиеттерде соттың айыптау үкімінсіз мүлікті тәркілеу мәселесі нақты зерттеу көрінісін таппаған. Цифрлық активтерді тәркілеу де нақты зерттеу мен ұсыныстарды талап етеді. Мәселен, Е. Омаров пен Ж. Құмарбекқызы (2021) қылмыстық жолмен алынған мүлікті тәркілеу өзінің мазмұны бойынша жазаның емес, мүлікті заңсыз иеленуден алып тастайтын қылмыстық процестік шарасының белгілері көп деп атап көрсетеді. Осылайша, әдебиетке шолу арқылы әлемдік доктринада мүлікті соттың айыптау үкімінсіз тәркілеу қылмыстылықпен күресте маңызды құрал екенін анықтай аламыз.

Зерттеулердің ерекше қатары цифрлық активтермен байланысты. Өз мақаласында Dolgieva (2019) криптовалютамы криптографиялық әдістер негізінде құрылған цифрлық мүлік ретінде анықтауды ұсынады және қылмыстық-құқықтық қорғау мақсатында оның мәртебесін заңнамалық тұрғыдан бекіту қажеттілігін көрсетеді. Khisamova (2022) цифрлық активтерді тәркілеу механизмін алдын ала реттеусіз енгізу әрекеттері әлі жетілмегендігін, бірақ нақты криминогендік жағдай туындататынын көрсетеді. Ал Kostic (2023) цифрлық активтер

саласындағы ұлттық заңнаманы дамытуды және қазіргі уақытта қалыптасу сатысында тұрған халықаралық стандарттарды толықтыра отырып, институционалдық әлеуетті күшейтуді ұсынады. Өз кітабында Hannah Appel (2023) цифрлық активтердің қылмыстық жолмен табылған қаражатты заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру үшін жиі қолданылатынын атап өтеді. Автор өз кітабында цифрлық активтерді тәркілеу мәселесінің бірнеше шешімдерін ұсынады.

Цифрлық активтердің құқықтық табиғатын талдауда смарт-келісімшарттар феномені маңызды теориялық және практикалық мәнге ие. Ғылыми доктриналарға сәйкес, смарт-келісімшарт – бұл құқықтық міндеттемелерінің бір бөлігі немесе барлығы алдын ала белгіленген оқиғалар орын алған кезде компьютерлік бағдарлама арқылы автоматты түрде орындалатын, блокчейннің электрондық тізілімінде сақталатын және орындалу нәтижесі де сол тізілімде тіркелетін, бағдарламалық нұсқаулықтарға сәйкес өзгертуге жатпайтын екіжақты құқықтық келісім (Maydanyk, 2024). Мұндай сипаттамалар смарт-келісімшарттарды классикалық келісім-шарттық құқық шеңберінен шығарып, оларды азаматтық құқықтағы жаңа санат – цифрлық активтермен тығыз байланыстағы ерекше құқықтық объект ретінде қарастыруға негіз болады.

Зерттеу әдіснамасы

Соттың айыптау үкімінсіз мүлікті және цифрлық активтерді тәркілеуде туындайтын мәселелерді зерттеу жалпы ғылыми, арнайы құқықтық және эмпирикалық әдістерді қамтиды. NCBC моделін қолданудың тиімділігін көрсету мақсатында салыстырмалы-құқықтық әдіс кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, аталған мәселенің түп-тамырын анықтау үшін тарихи-құқықтық әдіс те қолданылды. Салыстырмалы-құқықтық әдіс барысында Еуропалық Одақ, көршілес Ресей Федерациясы, АҚШ, ҚХР, Африка елдерінің тәжірибелеріне салыстырмалы түрде талдау жасалды. Шетелдік тәжірибені талдау барысында индукция және дедукция әдістері де қолданылды. Аталған әдістер бойынша әр елдің тәжірибесін жеке-жеке талдау, Қазақстан Республикасына оңтайлы шешімдерді ұсынуға мүмкіндік берді.

Зерттеуде эмпирикалық әдіс те қолданылды. Кейс-стади әдісі бойынша, зерттеу тақырыбына сай кейстерге талдау жүргізілді. Арнайы құқықтық әдістердің бірі формальды-құқықтық әдіс арқылы халықаралық, мемлекеттік заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерге талдау жасалды. Зерттеу тақырыбы бойынша, яғни соттың айыптау үкімінсіз мүлікті, цифрлық активтерді тәркілеу мәселесінде шетелдік әдебиеттер мен материалдарды қолдану тиімді әсерін тигізеді. Өйткені аталған тақырып батыс елдерінде кеңінен талқыланып келеді. Ғылыми әдебиеттермен қатар, сот тәжірибесіне де көңіл бөлу процестік тұрғыда реттеліп кеткен соттың айыптау үкімінсіз мүлікті тәркілеу мәселесі бойынша маңызды рөл атқарды.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижесіне сәйкес, соттың айыптау үкімінсіз мүлікті тәркілеу (NCBC) қазіргі кезде халықаралық құқықта сыбайлас жемқорлық пен экономикалық қылмыстарға қарсы күрестің тиімді механизмі ретінде қарастырылады. Көптеген елдердің тәжірибесінде аталған механизм активтерді қайтару және заңсыз байлықты азайту мақсатында кеңінен қолданылады. Алайда аталған механизмді қолдану құқықтық кепілдіктер мен адамның негізгі құқықтарын сақтау мәселесі тұрғысынан маңызды болып қала беретіндігі анықталды.

Цифрлық активтерге қатысты тәркілеу бойынша зерттеу нәтижелері нормативтік базаның жеткіліксіздігін көрсетті. Цифрлық активтерді қылмыстық жолмен алынған кірістермен байланыстырудағы техникалық және дәлелдеу қиындықтары олардың тәркіленуін

айтарлықтай күрделендіреді. The Financial Action Task Force (бұдан әрі – FATF) ұсынымдары мен Еуропалық Одақтың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы 5-нші директивасы (5AMLD) ұлттық деңгейде тиімді бейімдеуді қажет етеді. Яғни, Қазақстан Республикасына аталған халықаралық актілерді қолдануда бірқатар құқықтық талаптарға назар аударуы керек.

Талқылау

Халықаралық құқықта NCBC – құқықтық модель ретінде де, процестік механизм ретінде де қарастырылады. NCBC моделі тиімділігі тұрғысынан бірқатар құқықтық мәселелерді реттеуге септігін тигізеді. Мәселен, соттың айыптау үкімінің шығуы бірнеше айларға жылдарға созылуы мүмкін. Аталған модель қылмыстық жолмен алынған мүлікті тәркілеу процесін жылдамдатады. Бұл ретте басты назар қылмыстық жолмен табылған мүлікті уақытылы мемлекеттің пайдасына тәркілеуге аударылады.

NCBC механизмін қолдануды *Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдеде қабылданған «Қылмыстық-процестік кодексінің»* (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 15-бөлімі, 71-тарауы реттейді. Елімізде азаматтық тәркілеу институтының жоқтығына қарамастан, NCBC механизмі қолданылып келеді. Оның түсіндірмесі де бар.

2003 жылғы 31 қазанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы (бұдан әрі – Конвенция) қабылданған болатын. Конвенцияның 54(1)(с) бабына сәйкес: *«с) қылмыскердің қайтыс болуы, бас сауғалауы немесе болмауы себепті немесе басқа да тиісті жағдайларда оның ізіне түсу мүмкін болмаған кезде істер бойынша қылмыстық іс жүргізу шеңберінде үкім шығармастан осындай мүлікті тәркілеуге мүмкіндік тудызу үшін қандай шаралар қажет болса, сондай шаралар қолдану туралы мәселені қарастырады»*.

2008 жылы 4 мамырда Қазақстан Республикасы Конвенцияны ратификациялау туралы Заң қабылдаған болатын. ҚР ҚПК 15-бөлімі, 71-тарауы, 667-бабына сәйкес, заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейін тәркілеу туралы іс жүргізуді қозғау жүзеге асырылады. Яғни, аталған механизм халықаралық құқықта NCBC деп аталады.

Елімізде экономикалық қылмыстардың алдын алу, жолын кесу туралы мәселені реттеу үшін бірқатар заңдар қабылданған. Мәселен, Қазақстан Республикасы КЖ/ТҚҚ туралы 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңы. Цифрлық активтерді қолдануды реттейтін 2023 жылы 6 ақпанда қабылданған *«Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы»* (бұдан әрі – Цифрлық активтер туралы Заң) Заңы бар. Алайда, соңғысы өзгертулер мен толықтыруларды талап етеді.

Мүлікті тәркілеу Қазақстан Республикасының 2014 жылы 3 шілдеде қабылданған *«Қылмыстық кодексінің»* (әрі қарай – ҚР ҚК) 48-бабына сәйкес реттеледі. Аталған баптың 2-бөлігіне сәйкес тәркілеуге мынадай: *«1) заңды иесіне қайтарылуға жататын мүлікті және одан түскен табыстарды қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша мен өзге мүлік және осы мүліктен алынған кез келген табыс; 2) қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлік пен осы мүліктен алынған табыстарішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе айналдырылған; 3) экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыруға немесе өзге де қамтамасыз етуге пайдаланылатын немесе арналған; 4) қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын; 5) осы бөліктің 1), 2), 3) және 4) тармақтарында көрсетілген, басқа тұлғалардың меншігіне берген ақша және өзге де мүлік жатады»*. Алайда, қылмыстық заңнамада «цифрлық актив» тәркіленетін мүлік ретінде нақты

көрсетілмеген. Яғни, қылмыстық заңнамада «цифрлық актив» ұғымы жоқ. Бірақ цифрлық активті мүлік деп тану арқылы тәркілеу цифрлық активтерге де қолданылады. Демек, заң шығарушы цифрлық активті *мүлік* деп бекіту арқылы ғана аталған мәселенің уақытша шешімін тауып отыр. Өйткені, цифрлық активтердің күннен күнге дамуы және оларды қолданатын тұлғалардың жаңа механизмдерді енгізуі заңнаманы жетілдіріп отыруды талап етеді (Kostic, 2023).

Заңнама цифрлық активті *мүлік* деп бекітеді. Демек, ҚР ҚК 48-бабы бойынша оларды тәркілеуге және ҚР ҚПК 15-бөлімі қылмыстық жолмен алынған цифрлық активтерді соттың айыптау үкімінсіз тәркіленуіне мүмкіндік береді. Алайда, аталған процестің меншік құқығы мен кінәсіздік презумпциясына сәйкестігі көптеген ғалымдардың назарын аударуда.

Халықаралық тәжірибеге сүйенетін болсақ, ағылшын құқығы «цифрлық активті» *мүлік* ретінде қарастырмаған. Сәйкесінше, меншік құқығы да жоқ болады. Тек, *AA v Persons Unknown (2019)* ісінің нәтижесінде цифрлық активтерге *меншік құқығы* берілді. Брайан есімді судья алғашында цифрлық активтердің дәстүрлі *choses in action* немесе *choses in possession* категорияларына жатпайтынын көрсеткен болатын (Ho, 2023). Алайда, *Colonial Bank v Whinney (1885)* ісін құқықтық прецедент ретінде қолдана отырып цифрлық активтерге меншік құқығын тану туралы шешім шығарды. *AA v Persons Unknown (2019)* ісі цифрлық активтерге байланысты құқықтық прецеденттердің пайда болуының алғышарттарының бірі болды.

Кінәсіздік презумпциясы бойынша бірқатар мәселелер туындайды. Соның бірі – дәлелдеу ауыртпалығы. Айыпталушы тұлға меншігіндегі мүлікке заңды түрде иелік еткенін дәлелдеуі тиіс болады. Сонымен қатар, дәлелдеу процедурасын жеңілдету де басты мәселелердің бірі. Мемлекет тәркіленген мүліктің санының өсуіне жағдай жасап, тиімділікті таңдау арқылы легитимділікті құрбан ету тәуекелдері пайда болады. Айыпталушыға барлық мүліктерінің шығу тегін түсіндіруді жүктеу кінәсіздік презумпциясына қарсы келеді (Hryniewicz-Lach, 2024). Аталған әрекеттер, 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі – ҚР Конституциясы) 6-бабы, 26-бабы, 77-бабы 3-тармағы, 6) тармақшасына қарсы келеді.

Дәлелдеу міндетіне байланысты танымал *United States v. 89.9270303 Bitcoins (2021)* ісінде «innocent owner defense» термині қолданылған. Яғни, мүліктің заңды иесі өз меншігіндегі мүліктің заңды жолмен табылғанын дәлелдеу міндетін көтереді. Кейс бойынша айыпталушының 3 криптоәмияны тәркіленген. Алғашқысындағы криптовалюта заңды жолмен тапқанын дәлелдей алғанымен, соңғы 2 криптоәмиядағы криптовалюталар қылмыстық жолмен табылған. Айыпталушыға заңды жолмен тапқан криптовалюталарын дәлелдеу міндеті жүктелді, сәйкесінше ол дәлелдей алмады. Өйткені заңды жолмен табылған қаражат пен заңсыз жолмен табылған қаражат араласып кетті. Сондықтан дәлелдеу қиын. Алайда сот шешімінде айыпталушы өз мүлкінің заңды жолмен табылғанын дәлелдей алмады деп көрсетілген. NCBC моделі бойынша айыпталушыға дәлелдеу міндеті жүктелмеген. Дәлелдеу ауыртпалығы мемлекетке жүктелген. Соттың шешімі дәлелдей алмады деп емес, айыпталушы өз мүлкінің заңды жолмен табылғанын растайтын дәлелдемелер ұсынбады деп көрсетілуі керек еді.

Айыптау үкімінсіз тәркілеу механизмін (NCBC) қолданудың құқықтық шегін анықтау үшін заңдылық (legality), қажеттілік (necessity) және мөлшерлестік (proportionality) тестін орындаған жөн. Заңдылық критерийі бойынша айыптау үкімінсіз тәркілеу механизмі (NCBC) Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген негізгі құқықтарға қайшы келмеуі тиіс. Яғни, NCBC механизмі заң бойынша нақты реттелуі керек. Қазақстан Республикасы жағдайында заңдылық өлшемі ҚР ҚПК 15-бөлімі және ҚР ҚК 48-бабындағы

нормалармен қамтамасыз етіледі. Алайда, Цифрлық активтер туралы Заң нақтылауды әрі жетілдіруді қажет етеді.

Қажеттілік (necessity) айыптау үкімінсіз тәркілеу механизмін (NCBC) қолданудың қоғам үшін қажетті және мемлекет үшін тиімді болуын айқындайды. NCBC механизмі цифрлық активтерді тәркілеуді қажетті процесс болып табылады. Орталықсыздандырылған сипатқа ие цифрлық активтерге жедел түрде тыйым салу процестік әрекеттерді орындауға және қылмыстық құқық бұзушылыққа заңды түрде жаза тағайындалуына септігін тигізеді. Мөлшерлестік (proportionality) айыптау үкімінсіз тәркілеу механизмін (NCBC) қолданудың мақсатқа пропорционалды болуын қамтиды. Яғни, тәркілеу мемлекет мүддесін қорғау мен жеке тұлғаның конституциялық құқықтары арасындағы тепе-теңдікті қадағалай отырып жүзеге асуы тиіс. Мөлшерлестік қағидасына NCBC механизмі арқылы цифрлық активтердің автоматты түрде тәркіленуін емес, заңға қайшы қолданылған бөлігін тәркілеуді ғана қамтуы тиіс.

Экономикалық қылмыстарды тоқтатудың және алдын алудың ең тиімді тәсілі – қылмыстық жолмен алынған кірістер мен қылмыс құралдарын тәркілеу арқылы қылмыскерлердің негізгі артериясын жою болып табылады (Soenmandjaja, Sejati, & Lamijan, 2024). Алайда, цифрлық активтерді тәркілеуде қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысы жоқ үшінші тұлғалардың құқықтары жеткілікті деңгейде қорғалмайды.

Үшінші тұлғалардың құқығының қорғалмауына сәйкес халықаралық құқықта *United States v. Ackerman (2023)* атты танымал кейс бар. Кейс бойынша айыпталушы Ackerman криптовалюталық инвестицияларға байланысты алаяқтықпен тапқан қаражатқа сатып алынған жылжымайтын мүлікті үміткер (claimant) әйелге сыйға тартады. Алайда, үміткер жылжымайтын мүлікті тәркілеу кезінде меншік құқығына ие болмайды. Өйткені жылжымайтын мүлік үшін ешқандай қаражат төлемеген. Алайда, үміткер (claimant) жылжымайтын мүліктің коммуналдық шығындары, жөндеу жұмыстары және т.б. шығындар үшін қаражатты өз есебінен төлеп келген. Сондықтан, цифрлық активтерді тәркілеуде қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысы жоқ үшінші тұлғалардың құқықтары жеткілікті деңгейде қорғалмайды деп қорытынды жасауға болады.

Цифрлық активтерге анықтама Цифрлық активтер туралы Заңның 1-бабының 4) тармақшасында бекітілген: *«цифрлық актив – цифрлық код беріліп, оның ішінде криптография және компьютерлік есептеу құралдары қолданыла отырып электрондық-цифрлық нысанда құрылған, есеп айырысу ақша бірлігі және (немесе) заңды төлем құралы болып табылмайтын, деректердің таратылған платформасы технологиясының негізінде тіркелген және ақпараттың өзгермейтіндігімен қамтамасыз етілген мүлік»*. Заң шығарушы цифрлық активті *мүлік* деп анықтама беріп көрсеткен. Ал **мүлік** тәркілену сипатына ие және меншік құқығының пайда болуына әсер ететіне баршамызға мәлім.

Цифрлық активтердің құқықтық табиғатын айқындауға бағытталған қазіргі доктриналық ізденістер цифрлық меншік құқығының қалыптасуын жаһандық заңнамалық эволюцияның ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Бұл үрдіс белгілі бір санаттағы цифрлық активтердің мүліктік объект ретінде танылуы, сондай-ақ иелену, пайдалану, билік ету құқығының функционалдық баламаларын қалыптастыру арқылы сипатталады. Осындай құқықтық тану цифрлық активтердің материалдық емес табиғатын ескере отырып, классикалық азаматтық құқықтағы мүлік ұғымын жаңа мазмұнмен толықтырады (Shipikova, 2023). Ғылыми доктриналарға сәйкес, цифрлық активтердің көпшілігі мүліктік объект болуға қабілетті. Себебі олар мүлікке тән негізгі сипаттамаларға сәйкес келеді: нақты тұлғаға тиесілі болу мүмкіндігі, бақылауға, пайдалануға және оған қол жеткізуге құқық беруі, экономикалық

құндылыққа ие болуы, бір тұлғадан екінші тұлғаға еркін ауыстырылу мүмкіндігі. Осы белгілерді ескерсек, цифрлық активтерді азаматтық айналымда толыққанды мүліктік объект ретінде қарастыруға болады (Maydanyk, 2023).

XXI ғасырда құқықта «блокчейн» термині пайда болды. Блокчейн – қолданушылаар арасында жария немесе жеке сипатта бөлінетін, бір деңгейлі (peer-to-peer) транзакцияларды жасауға мүмкіндік беретін реестр. Блокчейн технологиясы транзакцияларды тексеру үшін криптография мен консенсус механизмін қолданады. Сонымен қатар транзакциялардың сенімділігін қамтамасыз етеді, қосымша шығындардың алдын алады және сенімсіз ортада жоғары құнды транзакцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді (Rennock, Cohn, & Butcher, 2018). Сондықтан блокчейн технологиясы орталықсыздандырылған және анонимділік сипатқа ие болып табылады. Әрбір транзакция тексерістен өтеді және басқа да расталған транзакциялармен бірге бұрыннан бар тізбекке жаңа «блок» ретінде қосылады. Осыдан «блокчейн» термині пайда болған. Әдетте, қосылғаннан кейін транзакцияны өзгерту немесе жою мүмкін емес.

Цифрлық активтерді азаматтық айналымға тарту мәселесінде токенизация механизмі айрықша мәнге ие. Себебі ол зияткерлік меншік объектілерін: патент, тауар таңбасы немесе авторлық құқықпен қорғалатын шығармаларды – цифрлық токендер арқылы бөлшектеп иеленуге, лицензиялауға және айналымға шығаруға құқықтық мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл шағын инвесторларға да осы активтердің бір бөлігін заңды негізде сатып алу арқылы азаматтық айналымға қатысуға жол ашып, бұрын мүлде өтімді емес деп есептелетін зияткерлік меншік объектілеріне нарықтық айналым қабілетін береді (Prakash, 2025). Сонымен қатар, токенизация өз кезегінде осы активтердің экономикалық құндылығын арттырып қана қоймай, оларды азаматтық-құқықтық мәмілелердің дербес нысаны ретінде қарастыруға құқықтық алғышарт қалыптастырады.

Блокчейн технологиясының пайда болуы дәстүрлі қаржы және төлем жүйелеріне айтарлықтай деструктивті түрде ықпал етті. Алаяқтық қылмыстар, Понци схемалары, бопсалау бағдарламаларының шабуылдары және фишинг криптовалют аламында үйреншікті нәрсеге айналды. Сонымен қатар, анонимді криптовалюта, биткоин-миксер және биткоин-тумблер, орталықсыздандырылған биржалардың қолданылуы операцияларды анықтауды одан әрі қиындатады және ашықтықты төмендетеді (Collins, 2022). Жоғарыда аталған әдістер арқылы ұйымдасқан қылмыспен байланысты криминогендік жағдайдың күрт өсуі байқалады. Цифрлық активтердің азаматтық айналымда қолданылуы көбіне смарт-келісімшарттардың құқықтық табиғатына және оларды реттеу деңгейіне байланысты. Шетелдік азаматтық құқық зерттеулерінде атап өтілгендей, смарт-келісімшарттар блокчейндік мәмілелердің негізін құрап, олардың әлеуетті қолдану аясы барған сайын кеңеюде. Алайда көптеген мемлекеттер бұл құбылысты құқықтық тұрғыдан реттеу мәселесінде әлі де үнсіз қалып отыр. Мысалы, Ұлыбритания мен АҚШ сияқты елдерде жалпы құқық қағидаларының өзі смарт-келісімшарттардан туындайтын мәселелерді шешуге жеткілікті деп танылса, Италия секілді кейбір елдер смарт-келісімшарт түсінігін заңнамалық деңгейде бекіткенмен, оны кешенді реттейтін нақты құқықтық механизм қалыптастырмаған (Linnikov, 2024). Бұл өз кезегінде смарт-келісімшарттарды жасау мен орындау рәсімдеріне, қолданылатын құқық пен юрисдикцияны айқындауға, тұтынушылардың және жеке деректердің қорғалуына қатысты күрделі құқықтық мәселелердің туындауына әкелуі мүмкін.

Цифрлық активтерді тәркілеуде туындайтын негізгі қиындықтардың бірі – техникалық мәселелер. Ал негізгі техникалық мәселе – жеке кілттерге қол жеткізу. Цифрлық активтер жеке кілттер арқылы қорғалады. Оларды тәркілеудің сәтті аяқталуы толығымен жеке кілтке қол

жеткізумен тікелей байланысты (Mubarak & Elvany, 2024). Құқық қорғау органдарында цифрлық активтердің қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыру, терроризмді қаржыландыру қылмыстары үшін қолданылғанын растайтын дәлелдемелер болған күннің өзінде, оларды осы кілтке қол жеткізбестен тәркілеу немесе тыйым салу мүмкін емес.

Цифрлық активтерді тәркілеуде техникалық мәселелерден кейінгі негізгі мәселелердің бірі құқық қорғау органдарына байланысты. Құқық қорғау органдарында цифрлық активтерді алып қою, тыйым салу және тіркеуге мүмкіндік беретін ақпараттық инфрақұрылымның жеткілікті деңгейде дамымағаны цифрлық активтердің тәркіленуінде қиындықтар туғызады. Негізгі мәселе – тәркіленген немесе тыйым салынған цифрлық активтерді қай жерде сақтау, цифрлық активтерге байланысты транзакциялар және меншік иесін анықтау мәселелері назар аударуды талап етеді (Рошупкина, 2025).

Цифрлық активтерді тәркілеуде туындайтын келесі қиындық – анонимділік. Өзінің табиғаты бойынша блокчейн жүйесі орталықсыздандырылған болып табылады. Криптовалюталардың анонимді сипатын пайдалану қылмыскерлерге жасырынуға мүмкіндік береді, бұл тергеушілердің қылмыстық кірістерге иелік еткен меншік иесін анықтау бойынша жұмыстарын қиындатады (France, 2022). Демек, анонимділік сипаттың пайдалана отырып, ҚР ҚЖ/ҚТҚ Заңымен тыйым салынған қылмыстық құқық бұзушылықтардың санының артуына жағдай жасайды.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру үшін цифрлық төлем инфрақұрылымдарын пайдалану құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың ерекше назарларына ие. Интерпол сарапшыларының мәліметтіне сәйкес, 2030 жылға қарай анонимді цифрлық активтер қылмыс әлемінің негізгі төлем құралы болады деп болжам жасайды (Khisamova, 2022). Расында да, цифрлық активтердің анонимді және орталықсыздандырылған сипаты экономикалық қылмыстарда олардың белсенді түрде қолданылуының негізгі себебі болып табылады.

Қазіргі кезде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруда (жылыстатуда) және терроризмді қаржыландыруда кеңінен қолданылып жатқаны цифрлық активтер болып табылады. 2018 жылы FATF цифрлық активтер арқылы ақшаны заңдастырудың алдын алу туралы бірінші нұсқауды қабылдады. Содан соң бұл нұсқауды 2021 жылы жаңа редакцияда шығарған болатын. FATF есебіне сәйкес, цифрлық активтер арқылы делдалсыз орталықсыздандырылған қаржыны (DeFi) және хостингсіз әмияндарды қолдану қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анағұрлым арттырады (Kostic, 2023).

FATF №4, №15 және №38 ұсынымдарын талдау қазақстандық құқық қолдану практикасы халықаралық стандарттарға ішінара ғана сәйкес келетінін көрсетеді. Цифрлық активтерге қатысты ұлттық заңнама жүйелеу мен нормативтік нақтылауды қажет етеді.

FATF №4 ұсынымы мүлікті тәркілеу және қамтамасыз ету шараларын қолдану мәселелеріне арналған. Ұсынымның негізінде қаржылық қылмыстармен күресудің ең тиімді құралдарының бірі ретінде танылатын активтерді қалпына келтіру (asset recovery) басымдығы қағидаты жатыр. FATF қылмыстық кірістерді тәркілеусіз қылмыстық қудалау өзінің бастапқы мақсатына жете алмайды. Өйткені заңсыз әрекеттерді жасаудың экономикалық мақсаты сақталады. Егер мүлік тәркіленбесе, қылмыстық құқық бұзушылық қайталануы мүмкін. Осыған байланысты FATF №4 ұсынымы арқылы мемлекеттерге қылмыстық жолмен алынған мүлікті, сондай-ақ баламалы құнды мүлікті анықтауға, қадағалауға, тыйым салуға, алып қоюға және тәркілеуге мүмкіндік беретін құқықтық және институционалдық механизмдердің болуын қамтамасыз етуді ұсынады. Аталған №4 FATF ұсынымын Қазақстан Республикасы ҚР ҚПК

15-бөлімі, 71-тарауы, 667-бабына сәйкес, заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейін тәркілеу, яғни NCBC механизмі арқылы орындайды.

FATF №4 ұсынымының айрықша маңызды ерекшелігі бар. Аталған ұсыным тек соттың айыптау үкімі негізінде ғана емес, сондай-ақ тұлғаның қылмыстық жауапкершілікке тәуелді емес рәсімдер шеңберінде де мүлкін тәркілеуге жол берілетіндігін қарастыруында болып табылады (conviction based confiscation). Яғни, соттың айыптау үкімінсіз мүлікті тәркілеу. Бұл тәсілді қолдану қылмыстық қудалаудың практикалық қиындықтарымен, соның ішінде күдіктінің қайтыс болуымен, оның сот төрелігінен жалтаруымен немесе активтерді бақылайтын нақты адамды анықтау мүмкін еместігімен байланысты болып табылады. Цифрлық активтерге қатысты аталған ұсыным ерекше өзектілікке ие. Себебі криптовалюталар жоғары ұтқырлықпен, анонимділікпен және жылдам трансшекаралық қозғалу мүмкіндігімен сипатталады. Демек, дәстүрлі қылмыстық процестік механизмдерді цифрлық активтерге қатысты қолдану нәтижеге әділ жетуді қиындатады.

Өз кезегінде FATF №15 ұсынымы халықаралық қауымдастықтың жаңа технологиялардың пайда болуына және виртуалды активтердің дамуына реакциясын көрсетеді. Аталған ұсыным арқылы FATF жаңа өнімдерді, бизнес үлгілерін және технологиялық шешімдерді енгізумен байланысты ақшаны заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау және бағалау қажеттілігін тікелей көрсетеді. Осы ұсыным шеңберінде криптовалюталар және өзге де цифрлық активтер "виртуалды активтер" ретінде сараланады. Ал олармен байланысты қызметтерді көрсетуді жүзеге асыратындар (Virtual Asset Service Providers) міндетті реттеуге, лицензиялауға немесе тіркеуге, сондай-ақ AML/CFT мақсатында қадағалауға жатады деп көрсетеді. №15 FATF ұсынымы мемлекеттерді виртуалды активтер мен Virtual asset service provider (бұдан әрі - VASP-ді) кешенді реттеуді енгізуге, жаңа технологиялық тәуекелдерді бағалауды жүргізуге және қадағалауды қамтамасыз етуге міндеттейді. Қазақстан Республикасы аталған ұсынымды ішінара іске асырды. Өйткені VASP реттеуі АХҚО-да шоғырланған, ал ұлттық деңгейде мемлекетке тиесілі цифрлық активтерді анықтау, тыйым салу, алып қою және сақтау бойынша бірыңғай платформа жоқ. FATF №15 ұсынымының мәні – бұл цифрлық активтерді құқықтық бақылау объектісі ретінде танудың нормативтік негізін құрайды. Виртуалды активтермен операцияларға қаржылық мониторинг стандарттарын кеңейту арқылы FATF бұрын қылмыстық кірістерді жасыру үшін криптовалюталарды пайдалануға мүмкіндік берген құқыққа қайшы тәсілдерді жоюға тырысады. Осылайша, цифрлық активтерге қатысты тыйым салу мен тәркілеуді қоса алғанда, FATF №4 ұсынымда көзделген шараларды кейіннен қолдану үшін алғышарттар жасалады. Демек, FATF №15 ұсынымы реттеуші функцияны, FATF №4 ұсынымы қалпына келтіру функциясын орындайды.

FATF №38 ұсынымы активтерге тыйым салу және тәркілеу бағытындағы халықаралық ынтымақтастыққа назар аудара отырып, көрсетілген ережелерді толықтырады. FATF қазіргі кездегі қаржылық қылмыстардың трансшекаралық сипатынан туындайтынын және тәркілеу механизмдерінің тиімділігі мемлекеттердің бір-бірімен тиімді түрде жедел өзара әрекеттесу мүмкіндіктеріне тікелей байланысты екенін атап көрсетеді. Осыған байланысты мемлекеттерге мүлікке қатысты тыйым салу, алып қою және тәркілеу туралы шетелдік сот шешімдерін тану мен орындаудың құқықтық механизмдерін, сондай-ақ ақпаратпен жылдам алмасу және активтерді бірлесіп басқару үшін рәсімдер жасауды қамтамасыз етуді ұсынады. Аталған FATF №38 ұсынымы цифрлық активтер үшін өте маңызды. Өйткені блокчейн технологиялары белгілі бір мемлекеттің аумағына байланысты емес және активтерді бақылау әртүрлі юрисдикцияларда орналасқан инфрақұрылым арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Тиімді халықаралық өзара іс-қимылсыз криптовалюталарды тәркілеу іс жүзінде мүмкін болмайды. Демек, бұл қылмыстық кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл мақсатына нұқсан келтіреді. FATF №38 ұсыныс жаһандық ауқымда №4 және №15 ұсынымдар ережелерінің практикалық іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Орталықсыздандырылған сипаттың қиындығына байланысты *Tulip Trading v Bitcoin Association (2022)* ісінде бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушілер жауапкер ретінде қарастырылған. Талапкер биткоин желісінің орталықсыздандырылған сипаты жоғалған жеке кілттерді және кодтарды қалпына келтіруге қабілетті бақылаушы органды құруға мүмкіндік бермейді деп есептейді. Бұл бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушілер пайдаланушылар алдында сенімгерлік міндеттері бар ма әлде жоқ па деген сұрақ туындатады. Апелляциялық сот бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушілердің белгілі бір деңгейде кілттерді және кодтарды басқаруға құқығы бар екендігін таниды. Негізінен, цифрлық активтер өзінің орталықсыздандырылған және анонимділік сипатына байланысты эксперттің арасында сынға ұшырайды (Moldabekov & Smekenov, 2024).

Блокчейн технологиясын бақылауға алу және реттеу мәселесі қазіргі кезде көптеген елдердің күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі болып табылады. Орталықсыздандырылған және анонимді сипатқа ие блокчейнді реттеу идеясы миф дейтіндер де кездеседі. Мемлекеттің блокчейнге араласуы инновацияға қауіп төндіреді, бірақ жоғары деңгейде жобаланған мемлекеттік әрекеттер қарқынды дамуға жол ашады. Демек, блокчейнді реттеу мүмкін емес деген тұжырым интернетке қатысты жиырма жыл бұрынғы тұжырым секілді жалған болып табылады. Блокчейн мемлекетпен реттеледі және реттелуі тиіс (Werbach, 2023).

Алайда, блокчейнге негізделген қызметті реттеуде төрт негізгі мәселе пайда болады:

- 1) цифрлық активтердің құбылмалы сипаты;
- 2) бөлінген жауапкершіліктің болуы;
- 3) пайдаланушылардың жаһандық қамтылғандығы;
- 4) пайдаланушылардың анонимді сипатына байланысты реттеу қиындықтары

туындайды (Werbach, 2023).

Қазақстан Республикасы Цифрлық активтер туралы Заңды қабылдау арқылы аталған салада бірқатар оңтайлы нәтижелерге қол жеткізді. Алайда, Цифрлық активтер туралы Заң өзгертулер мен толықтыруларды талап етеді. Өйткені, заңнама тек анықтамалық сипатқа ие, ал нақты практикалық нормалар Цифрлық активтер туралы Заңда көрсетілмеген немесе жеткілікті деңгейде көрсетілмеген.

Цифрлық активтер туралы Заңға сәйкес, қылмыстық жолмен алынған, тәркіленуге жататын цифрлық активтердің қатарына заңсыз цифрлық майнинг арқылы алынған цифрлық активтер де жатады. Аталған Заңның 1-бабы терминдерге, 7) тармақшасы: *«цифрлық майнер - цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының дара кәсіпкері немесе заңды тұлғасы»*. Дәл сол баптың 8) тармақшасы: *«цифрлық майнинг - блокчейн арқылы деректер блоктарының тұтастығын растауды қамтамасыз ететін, деректерді шифрлаудың және өңдеудің берілген алгоритмдеріне сәйкес компьютерлік қуаттарды пайдалана отырып есептеу операцияларын жүргізу процесі»*.

Цифрлық активтер туралы Заңның 8-бабы 2-тармағына сәйкес: *«цифрлық майнерлер өз қызметін цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларға сәйкес жүзеге асырады»*. Цифрлық майнингпен айналысуға лицензияны «Астана» халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі - АХҚО) береді. АХҚО-дан лицензия алмай, цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкері немесе заңды тұлғаларда заңдық жауапкершілік туындайды.

Осылайша, Қазақстан Республикасында цифрлық активтерді реттеудің нормативтік базасы екі юрисдикция арқылы реттеледі. Біріншісі, ұлттық заңнама «Цифрлық активтер туралы Заң», ал екіншісі АХҚО юрисдикциясы арқылы жүзеге асады.

Цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия беру қадамы 2021 жылы Қытайда цифрлыққа майнингке тыйым салынғаннан кейін қолға алынды. Қытай Халық Республикасынан (бұдан әрі – Қытай) Қазақстан Республикасына цифрлық майнерлердің жаппай релокациясына байланысты болды. Цифрлық майнинг энергетикалық ресурстарды қолдануды көптеп талап етеді. Соңғы кездері тұрғындар тарапынан электр энергиясына байланысты шағымдар жиілеген. Аталған мәселенің негізгі себептерінің бірі цифрлық майнинг болып табылады. Заңсыз цифрлық майнингтік фермалар елдің энергетикалық инфрақұрылымына айтарлықтай салмақ түсіреді (Estecahandy, 2023).

Блокчейн технологиясымен қатар жасанды интеллекттің (бұдан әрі – AI) жылдам дамуы көптеген мемлекеттерді цифрлық экономикаға көңіл бөлуге мәжбүрледі. Қазақстан Республикасы цифрлық дамуды өзінің басты мақсаттарының бірі ретінде көрсетеді.

Президент Қ.К.Тоқаев 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына дәстүрлі жыл сайынғы жолдауында цифрландырудың жаңа даму жолына шыққанын ескерте отырып, бұрынғы министрлік базасында Жасанды интеллект және цифрлық даму Министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) құрылатынын атап өтті. Жаңадан құрылған Министрлікке бірқатар тапсырмалар жүктелген. Соның негізгілері цифрлық активтердің қылмыстық кірісті заңдастыру, терроризмді қаржыландыру мақсатында қолданылуының алдын алу, тәркіленген цифрлық активтерді қауіпсіз түрде сақтау механизмдерін құру.

Жалпы цифрлық активтерді сақтаумен және пайдаланушы ұсынған транзакцияларды жүзеге асырумен кастодиандар (custodian) айналысады. Кастодиандар – цифрлық активтерді сақтауды, есепке алуды, есептеулерді және кілттерді қорғауды қамтамасыз ететін сенімді делдалдар (Schaefer, 2019). 2025 жылдың қыркүйек айында Министрлік базасында цифрлық активтерді сақтау мақсатында Alem Crypto Fund (бұдан әрі – Фонд) құру жүзеге асырылды. Фонд қызметіне АХҚО-да тіркелген «Binance Kazakhstan» цифрлық активтер биржасы қатысатын болады.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес, цифрлық активтерді сақтау резерві тек тәркіленген цифрлық активтерден құралуы керек. Цифрлық активтерді Қазақстан Республикасының юрисдикциясынан тыс әрекет ететін «Binance Kazakhstan» халықаралық цифрлық активтер биржасына беру шешімнің заңдылығы мен ашықтығы мәселелерін туындатады. Өйткені ол активтердің арасында тек тәркіленген цифрлық активтер ғана емес, стратегиялық мемлекеттік инвестициялар да болады. АХҚО-да тіркелген өзге де цифрлық активтер биржаларының (Bybit, ATAIX Eurasia, CaspianEx, Delta DA және т.б.) болуына қарамастан, таңдаудың «Binance Kazakhstan» цифрлық активтер биржасына түскені сұрақтар туындатады. Яғни, конкурс негізінде немесе басқа да ашық процестер негізінде таңдалып-таңдалмағаны бізге беймәлім. Аталған процесс цифрлық активтерге мемлекеттік бақылауды жоғалту қаупін тудырады (Д. Карашев, personal communication, 2025). Мұндай тәуекелдер Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасында бекітілген негізгі қағидаттарға қайшы келеді.

Мемлекет пайдасына тәркіленген цифрлық активтердің қалай, қайда сақталатынының бекітілген механизмінің болмауы басты мәселелердің бірі болып табылады. Бұған дейін тәркіленген цифрлық активтерді ҚМА «Binance Kazakhstan» цифрлық активтер биржасында сақтап келген еді.

Аталған мәселені шешуде Президент тапсырмасы бойынша цифрлық активтер сақтау үшін Ұлттық Банкке өкілеттік берді. Енді тәркіленген цифрлық активтер Ұлттық Банктің сақтау

шотында болады. Тәркіленген цифрлық активтер мемлекеттің меншігіндегі мүлік екендігі даусыз аксиома. Демек, оларды сақтау тек мемлекеттік қаржы институттарының бақылауымен жүзеге асырылуға тиіс. Блокчейн технологиясының орталықсыздандырылған табиғатын ескере келе, оны орталықтандыру үшін Ұлттық Банкті қолдану да бірнеше техникалық мәселелер туындатады. Бұл мәселе тәркіленген цифрлық активтерді ғана сақтайтын дербес платформа құруды талап етеді.

Көршілес Ресей Федерациясы (бұдан әрі – Ресей) аталған мәселе бойынша асығыс шешім қабылдамауда. Яғни, тәркіленген цифрлық активтерді ғана сақтайтын цифрлық активтер резервін құру арқылы мемлекетке ғана тиесілі техникалық платформаны тексерістен өткізуде. Кriptoэмияндарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін екі жеке кілт қарастырған. Сәйкесінше, екі кілттің бірі қылмыстық қудалау органының уәкілетті тұлғасы – тергеушіде, екіншісі тиісті лауазымды тұлғада болады. Осылайша, кез келген транзакция (криптоактивтерді қабылдау немесе алу) екі жеке кілтпен расталады (Расторопов & Пушкарев, 2024).

Жеке кастодиандар ұсынатын цифрлық активтерді сақтау шарттары көбінесе пайдаланушылардың мүдделеріне қайшы келеді және олардың цифрлық активтерін жеткілікті деңгейде қорғауды қамтамасыз етпейді (Zetzsche & Nikolakopoulou, 2025). Бұл тәркіленген цифрлық активтерді сақтау функцияларын «Binance Kazakhstan» сияқты жеке цифрлық активтер биржаларына беру мемлекеттік бақылауды жоғалтудың тәуекелдеріне және ұлттық кастодиандық платформа қалыптастыруды тежейтінін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында цифрлық активтерге қатысты сот шешімдері қалай жүзеге асырылатынына тоқталайық. Алдымен құқық қорғау органдары тергеу барысында белгілі болған цифрлық активтерге тыйым салады. Тыйым салу цифрлық активті тұрған цифрлық биржасынан жылжытпай жеке кілттерді ғана иелену арқылы жүзеге асырылуы мүмкін (Ниетбаева мен Қожамбердиева ісі, 2024). Ал егер цифрлық активтерді жылжыту арқылы тыйым салынатын болса, аталған құқық қорғау органына тиесілі криптоэмияндарда сақталады. Мәселен, Қазақстан Республикасы ҚМА-ның криптоэмиянында сақталады (Шкабров ісі, 2024). Ал, аталған криптоэмиян АХҚО-да лицензиясы бар цифрлық активтер биржасында болады (мысалы, Binance Kazakhstan). Аталған сот шешімдері қазақстандық соттардың іс жүзінде цифрлық активтер дәстүрлі қылмыстық кіріс объектілерімен тең дәрежеде алып қоюға жататын мүлік деп танылатын құқықтық режимді бекіткенін растайды.

Кесте 1.

Қазақстан Республикасына қатысты бойынша кастодиандардың салыстырмалы кестесі

провайдер	Қазақстан Республикасындағы Лицензия / статусы	Сақтау түрі	Freeze-response	Негізгі тәуекелдер	Қазақстан Республикасымен байланысы
Binance Kazakhstan (XDigital Service Ltd)	AIFC лицензиясы бар (Digital Asset Trading Facility)	Cold + segregated wallets	Жылдам (1-24 сағат)	Юрисдикциялық тәуекел (жаһандық тексерулер), Global accounts арқылы жылжу қаупі	Ресми түрде AFM және AFSA-мен жұмыс істейтін жалғыз ірі халықаралық кастодиан

Upbit APAC (AIFC)	AIFC лицензиясы бар	Корпоративтік кастодиандық әмияндар	Орташа	Кореялық реттеушісіне тәуелділік	AML/CFT бойынша AIFC консультацияларына қатысу
ATAIX (AIFC)	AIFC лицензиясы бар	Centralized custody	Орташа	Техникалық кідірістер қаупі	AFSA және FIU-мен үнемі жұмыс істейді
Fireblock s	AIFC резиденттері кастодиандық технология ретінде пайдаланады	Multi-sig custody	Жоғары (клиентке байланысты)	Реттеушінің тікелей бақылауы жоқ; адам факторының қаупі	AIFC корпоративтік құрылымдарында қолданылады
BitGo	ҚР-да тікелей лицензиясы жоқ	Institutional custody	Орташа	Юрисдикциялық тәуекел (АҚШ)	AIFC FinTech компаниясы арқылы қолданылады
Self-custody wallets (Ledger, MetaMask)	Реттеу жоқ	Пайдаланушы әмияны	Мүмкін емес (freeze impossible)	Seed phrase жоғалту, тыйым салуға мүмкіндік жоқ	ҚР-да жеке тұлғалар пайдаланады, жоғары тәуекел

Ескерту: Автордың зерттеуі негізінде құрастырылды

Тәркіленген цифрлық активтерді жеке кастодиандарға сақтауға берудің тәуекелдер матрицасы

Жиынтық статистика

Тәуекелдердің жалпы саны: 9

Тәуекелдердің орташа деңгейі: 49.1

Тәуекелдерді деңгейлер бойынша бөлу

- Төмен деңгейдегі тәуекел (1-25): 0
- Орташа деңгейдегі тәуекел (26-49): 4
- Жоғары деңгейдегі тәуекел (50-74): 4
- Критикалық тәуекел (75-100): 1

Кесте 2.

Тәуекелдердің толық тізімі

Тәуекел	Ықтималдығы	Салдары	Деңгейі	Сипаттама
---------	-------------	---------	---------	-----------

Кастодиан инфрақұрылымының қолжетімсіздігі (downtime/банкrottтық)	5	8	40 (Орташа)	Ұзақ іркіліс, операцияларды тоқтата тұру, мораторий, жеке провайдердегі корпоративтік тәуекелдер.
Лицензияны қайтарып алу (AIFC)	4	9	36 (Орташа)	Цифрлық активтер биржаларының лицензияларын қайтарып алу тәуекелі.
Тәркіленген цифрлық активтерді Қазақстан Республикасы бақылауынан тыс жерде ұстау	3	9	27 (Орташа)	Тәркіленген цифрлық активтерді шетелге қатысы бар немесе шетелдік- құқықтық құрылымда сақтау мемлекеттік органдардың жедел бақылауының жоғалуына әкеледі.
Инсайдерлік теріс пайдалану/кастодиан қызметкерлерінің қателіктері	5	7	35 (Орташа)	Алаяқтық / қате транзакциялар / бекітілген процедураларды сақтамау / мультисиг
Кибершабуылдар	6	9	54 (Жоғары)	Кастодиан провайдерлеріне кибершабуылдар.
Ұлттық мамандандырылған сақтау платформасының болмауы	5	10	50 (Жоғары)	Тәркіленген цифрлық активтерді сақтайтын Ұлттық мамандандырылған сақтау платформасының болмауы.

Стратегиялық цифрлық активтердің араласуы	5	10	50 (Жоғары)	Тәркіленген цифрлық активтер мен мемлекеттің стратегиялық-инвестициялық цифрлық активтерінің бірге сақталуы.
Кастодиандардағы жеке кілттерге қолжетімсіздік	5	10	50 (Жоғары)	Тәркіленген цифрлық активтердің жеке кілттеріне мемлекеттік қол жеткізудің мүмкін еместігі
Тәркіленген цифрлық активтерді мемлекет игілігіне пайдалану	10	10	100 (Критикалық)	Тәркіленген цифрлық активтердің жеке кастодиандарда сақталуы аталған цифрлық активтерді мемлекет игілігіне пайдалануда қиындықтар туындатады.

Ескерту: Жедел араласуды қажет ететін маңызды тәуекелдер анықталды. Автордың зерттеуі негізінде құрастырылды

Қорытынды

Жасанды интеллект (бұдан әрі – AI) мен жаңа технологиялардың қарқынды дамуы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, терроризмді қаржыландыру сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтарға жол ашуы мүмкін. Мемлекет аталған әрекеттермен халықаралық және ұлттық құқық нормаларын пайдалана отырып тиімді әрі заңды күрес жүргізу қадамдарын жасауы тиіс.

Ратификацияланған Конвенцияға, ҚР ҚПК 71-тарауы, 15-бөлімінің нормаларына сүйене отырып, NCBC тәркілеу механизмін қолдану мемлекет үшін өте тиімді қадам болып табылады. Алайда, аталған нормалар азаматтардың негізгі конституциялық құқықтарына қайшы келмеуі тиіс. Мәселен, меншік құқығы мен кінәсіздік презумпциясына қайшы келу тәуекелдері туындайды. Конституциялық құқықтар мен қағидаларға қарсы келу адам құқықтарының бұзылуы процестерінің орын алуына мүмкіндік жасайды. NCBC тәркілеу механизмін қолдану барысында тиімділікті таңдау арқылы адамның негізгі құқықтарының бұзылуы орын алуы мүмкін. Аталған әрекет мөлшерлестік қағидасына сәйкес келмейді.

NCBC тәркілеу механизмін цифрлық активтерге қолдану қылмыстық құқық

бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесуге септігін тигізеді. Алайда тәркіленген цифрлық активтердің жеке кастодиандар мен дәстүрлі қаржы құқығындағы субъектілердің қарамағында сақталуы активтердің заңды түрде қорғалуы жағынан тәуекелдер туғызады.

Блокчейн технологиясының орталықсыздандырылған және анонимділік сипатын ескере отырып, ұлттық платформа құру оңтайлы әдіс болып табылады. Жеке кастодиандар мен дәстүрлі қаржы құқығындағы субъектілердің тәркіленген цифрлық активтердің және стратегиялық цифрлық инвестициялардың сақталуына араласуы мемлекеттің бақылауы үшін кедергі келтіреді. Стратегиялық цифрлық активтерді сақтау үшін тәуелсіз, тек мемлекетке ғана бағынатын арнайы ұлттық платформа, ал тәркіленген цифрлық активтерді сақтау үшін мемлекетке ғана бағынатын арнайы ұлттық платформа құру қажеттілігі туындайды. Цифрлық активтерді сақтайтын ұлттық платформа құру - «Цифрлық қала» салу және цифрлық активтерді заңды түрде сақтау мәселелерінің оңтайлы шешімі болып табылады.

Қалыптасқан сот практикасына қарамастан, тәркіленген цифрлық активтерді сақтаудың қолданыстағы моделі бірқатар мәселелер туындатады. Тәркіленген цифрлық активтердің Binance Kazakhstan сияқты цифрлық активтер биржасында сақталуы мемлекет үшін тиімсіз болып табылады. Өйткені кез келген сәтте цифрлық активтерден айырылып қалу қаупі туындайды. Тәркіленген цифрлық активтерді қоса алғанда, мемлекеттік активтер өз табиғаты бойынша корпоративтік тәуекелдерден толық мемлекеттік бақылау, құқықтық сабақтастық, орнықтылық және иммунитет кепілдіктері жоқ жеке кастодиандық ортада болмауы тиіс. Мұндай модель мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаттарына қайшы келеді және FATF халықаралық стандарттарына сәйкес келмейді.

Диаграмма 1.

Цифрлық активтерді тәркілеу процесінің кезеңдері



Presented with xmind

Аталған мәселені шешуде ұлттық заңнаманы жетілдіру керек. Еліміздің Цифрлық активтер туралы Заңы реттеушілік емес түсіндірмелік сипатқа ғана ие. Цифрлық активтер туралы Заңды FATF ұсынымдары арқылы жетілдіру бірқатар мәселелерді шешуге септігін тигізеді.

Екіншіден, мемлекетке тиесілі, яғни мемлекеттің органдарға толықтай қолжетімді

ұлттық цифрлық активтерді сақтайтын платформа құру – тәркіленген цифрлық активтерді сақтауда қауіпсіздіктің, ашықтықтың және тәуелсіз бақылаудың тиісті деңгейін қамтамасыз етер еді.

Әдебиеттер тізімі:

- Allena, Miriam. (2019). Anti-mafia confiscation against corruption: the new frontier of human rights. *Italian Journal of Public Law*, 11(1), 196-222. <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/itajpul11&i=198>
- Appel, H. (2023). *Quick Guide Crypto Assets: How they Classify within the Framework of Financial Market Law*. Springer Gabler. <https://doi.org/10.1007/978-3-658-40462-8>
- Cassella, S. D. (2021). Recovering the proceeds of foreign crimes that are found in the united states. *North Carolina Journal of International Law*, 46(3), 535-570. <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/ncjint46&i=445>
- Cassella, S. D. (2024, April 1). Crypto case summaries. *Money Laundering and Forfeiture Digest* (April issue). Asset Forfeiture Law, LLC. <https://assetforfeiturelaw.us/wp-content/uploads/2024/04/Crypto-Case-Summaries-by-topic-1.pdf>
- Collins, J. (2022). *Cryptocurrencies as an enabler of organized crime*. In *Crypto, crime and control* (pp. 1–27). Global Initiative Against Transnational Organized Crime. <https://globalinitiative.net/wp-content/uploads/2022/06/GITOC-Crypto-crime-and-control-Cryptocurrencies-as-an-enabler-of-organized-crime.pdf>
- Digital Business Media. (2025, September 29). Казахстан запустил первый государственный крипторезерв [Новость]. DigitalBusiness.kz <https://digitalbusiness.kz/2025-09-29/kazakhstan-zapustil-perviy-gosudarstvenniy-kriptorezerv/>
- Dolgieva, M. M. (2019). Cryptocurrency operations: topical issues of theory and practice of criminal law application. *Actual Problems of Russian Law*, 4, 128–139. <https://doi.org/10.17803/1994-1471.2019.101.4.128-139>
- Estecahandy, H. (2023, June). *The geopolitics behind the cryptocurrency mining in Kazakhstan*. Working paper. HAL Open Science. <https://hal.science/hal-04262537v2>
- European Parliament & Council. (2018, May 30). *Directive (EU) 2018/843 of the European Parliament and of the Council amending Directive (EU) 2015/849 on the prevention of the use of the financial system for the purposes of money laundering or terrorist financing, and amending Directives 2009/138/EC and 2013/36/EU*. *Official Journal of the European Union*, L 156, 43–74. <https://eur-lex.europa.eu/eli/dir/2018/843/oj>
- Financial Action Task Force (FATF) International Standards on Combating Money Laundering and the Financing of Terrorism and Proliferation: The FATF Recommendations (updated October 2025) FATF, Paris. <https://www.fatf-gafi.org/en/topics/fatf-recommendations.html>
- France, G. (2022, January 26). *Non-conviction-based confiscation as an alternative tool to asset recovery: Lessons and concerns from the developing world*. Transparency International Anti-Corruption Helpdesk. https://knowledgehub.transparency.org/assets/uploads/helpdesk/Non-Conviction-Based-Forfeiture_2022.pdf
- Ho, Kan Jie Marcus. (2023). Towards an idea of digital asset ownership. *Cambridge Law Review*,

- 107

[FebMar18-Feature-Blockchain.pdf](#)

- Schaefer, D. C. (2019). Applying the sec custody rule to cryptocurrency hedge fund managers. *California Law Review*, 107(4), 1381-1407. <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/calr107&i=1407>
- Shipikova, A. G. (2024). Conceptual approaches to defining digital objects and digital assets. *Digital Law Journal*, 5(2), 53-68. URL: <https://heinonline.org/HOL/Page?handle=hein.journals/dgtllwj5&id=159>
- Shipikova, A. G. (2024). Conceptual approaches to defining digital objects and digital assets. *Digital Law Journal*, 5(2), 53-68. <https://heinonline.org/HOL/Page?handle=hein.journals/dgtllwj5&id=159>
- Soenmandjaja, T. B. & Sejati, H., & Lamijan, L. (2024). *Law enforcement of digital asset confiscation in money laundering crimes. Journal of Economics, Technology, and Business (JETBIS)*, 3(8), 461–470. <https://doi.org/10.57185/jetbis.v3i8.129>
- United Nations. (2003). *United Nations Convention against Corruption*. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/corruption.shtml
- Werbach, Kevin. (2023). Digital asset regulation: peering into the past, peering into the future. *William & Mary Law Review*, 64(4), 1251-1281. <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/wmlr64&i=1281>
- Zetzsche, D., & Nikolakopoulou, A. (2025). *Crypto custody: An empirical assessment. Journal of Financial Regulation*, 11(1), 73–97. Oxford University Press. <https://doi.org/10.1093/jfr/fjaf004>
- Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы N 31 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031>
- Қазақстан Республикасы Президенті. (2025). Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу [Послание Президента Казахстана]. Ақорда. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlыk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957>
- Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы 2023 жылғы 6 ақпандағы № 193-VII ҚРЗ Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000193>
- Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы N 191-IV Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0900000191>
- Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
- Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
- Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы. (2023, 5 қыркүйек). Қазақстанда азаматтық тәркілеу институтын енгізу жоспарлануда [Жаңалық]. <https://academy-gp.kz/?p=18266&lang=kk>
- Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (19.09.2022 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029&pos=5;-90#pos=5;-90
- Межпарламентская Ассамблея государств-участников СНГ. (2023). *Модельный закон «О цифровых правах»* (утв. 1 апреля)

- 2023). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33566501&pos=3;-90#pos=3;-90
- Молдабеков А. К. & Сметенов Б. О. (2024). *Анализ подходов к регулированию рынка криптоактивов финансовыми регуляторами в разных странах для разработки модели регулирования цифровых финансовых активов*. Экономическое исследование № 2024-Национальный банк Республики Казахстан. <https://nationalbank.kz/file/download/105520>
- Ниятбаева мен Қожамбердиеваға қатысты қылмыстық іс бойынша үкім. (2024). Қазақстан Республикасының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты. Ресми сот актісі. <https://drive.google.com/drive/folders/1Yo1xAhAAQX0irNneXBxd3MdKqzm4-Hwr?usp=sharing>
- Омаров, Е. А. & Кумарбекқызы, Ж. (2021). *Правовая природа конфискации имущества по уголовному законодательству Республики Казахстан*. Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, 1(64), 173–183. [Вестник №1_64_2021_Верстка_ДОИ_Новый_999.indd](#)
- Рощупкина, А. В. (2025). Проблемы изъятия, ареста и замораживания виртуальных активов в России и за рубежом. *Bulletin of Udmurt University Series Economics and Law*, 35(1), 140–145. <https://doi.org/10.35634/2412-9593-2025-35-1-140-145>
- Шкабровка қатысты қылмыстық іс бойынша үкім. (2024). Қазақстан Республикасының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты. Ресми сот актісі <https://drive.google.com/drive/folders/1Yo1xAhAAQX0irNneXBxd3MdKqzm4-Hwr?usp=sharing>

References

- Allena, Miriam. (2019). Anti-mafia confiscation against corruption: the new frontier of human rights. *Italian Journal of Public Law*, 11(1), 196-222.
- Appel, H. (2023). *Quick Guide Crypto Assets: How they Classify within the Framework of Financial Market Law*. Springer Gabler. <https://doi.org/10.1007/978-3-658-40462-8>
- Cassella, S. D. (2021). Recovering the proceeds of foreign crimes that are found in the United States. *North Carolina Journal of International Law*, 46(3), 535-570. <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/ncjint46&i=445>
- Cassella, S. D. (2024, April 1). *Crypto case summaries*. Money Laundering and Forfeiture Digest (April issue). Asset Forfeiture Law, LLC. <https://assetforfeiturelaw.us/wp-content/uploads/2024/04/Crypto-Case-Summaries-by-topic-1.pdf>
- Collins, J. (2022). Cryptocurrencies as an enabler of organized crime. In *Crypto, crime and control* (pp. 1–27). Global Initiative Against Transnational Organized Crime. <https://globalinitiative.net/wp-content/uploads/2022/06/GITOC-Crypto-crime-and-control-Cryptocurrencies-as-an-enabler-of-organized-crime.pdf>
- Digital Business Media. (2025, September 29). *Kazakhstan zapustil pervyi gosudarstvennyi kriptorezerv [Novos]*. DigitalBusiness.kz <https://digitalbusiness.kz/2025-09-29/kazakhstan-zapustil-perviy-gosudarstvenniy-kriptorezerv/>
- Dolgueva, M. M. (2019). Cryptocurrency operations: topical issues of theory and practice of criminal law application. *Actual Problems of Russian Law*, 4, 128–139. <https://doi.org/10.17803/1994-1471.2019.101.4.128-139>
- Estecahandy, H. (2023, June). The geopolitics behind the cryptocurrency mining in

Kazakhstan.

- European Parliament & Council. (2018, May 30). Directive (EU) 2018/843 of the European Parliament and of the Council amending Directive (EU) 2015/849 on the prevention of the use of the financial system for the purposes of money laundering or terrorist financing, and amending Directives 2009/138/EC and 2013/36/EU. Official Journal of the European Union, L 156, 43–74. <https://eur-lex.europa.eu/eli/dir/2018/843/oj>
- Financial Action Task Force (FATF) International Standards on Combating Money Laundering and the Financing of Terrorism and Proliferation: The FATF Recommendations (updated October 2025) FATF, Paris. <https://www.fatf-gafi.org/en/topics/fatf-recommendations.html>
- France, G. (2022, January 26). Non-conviction-based confiscation as an alternative tool to asset recovery: Lessons and concerns from the developing world. Transparency International Anti-Corruption Helpdesk. https://knowledgehub.transparency.org/assets/uploads/helpdesk/Non-Conviction-Based-Forfeiture_2022.pdf
- Ho, Kan Jie Marcus. (2023). Towards an idea of digital asset ownership. Cambridge Law Review, 8(1), 41-71. <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/cambrilv8&i=45>
- Houben, R., & Snyers, A. (2018). Cryptocurrencies and blockchain: Legal context and implications for financial crime, money laundering and tax evasion. Policy Department for Economic, Scientific and Quality of Life Policies, European Parliament. PE 619.024.
- Hryniewicz-Lach, E. (2023). Expanding Confiscation and its Dimensions in EU Criminal Law. European Journal of Crime Criminal Law and Criminal Justice, 31(3–4), 243–267. <https://doi.org/10.1163/15718174-bja10046>
- Hryniewicz-Lach, E. (2024). Improving asset confiscation: in the quest for effective and just solutions. ERA Forum, 25(2), 231–247. <https://doi.org/10.1007/s12027-024-00806-8>
- Johri Prakash. (2025). Legal issues and models of ownership for intellectual property materials within blockchain systems. Journal of Intellectual Property Studies, 9(1), 108-120. <https://heinonline.org/HOL/Page?handle=hein.journals/jnlolit9&i=111>
- Khisamova, Z. I. (2022). Using digital payment infrastructure for criminal incomes legalization: main trends. Russian Journal of Economics and Law, 2022(2), 370-378. <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/apel2022&i=370>
- Kostic, Jelena. (2023). Misuse of Digital Assets: Current Legislation, Challenges and Recommendations. Regional Law Review, 2023, 375-388. <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/rgllr2023&i=389>
- Kostic, Jelena. (2023). Misuse of Digital Assets: Current Legislation, Challenges and Recommendations. Regional Law Review, 2023, 375-388. <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/rgllr2023&i=389>
- Lelieur, Juliette. (2015). Freezing and confiscating criminal assets in the european union. European Criminal Law Review, 5(3), 279-303. <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/euclr5&i=286>
- Linnikov, A. S. (2024). Digital Legal Control as New Civil Category. Perm University Herald Juridical Sciences, 64, 289-310. <https://heinonline.org/HOL/Page?handle=hein.journals/permujds64&i=97>
- Maydanyk, Roman. (2023). General provisions of digital property law and how to categorize digital assets. Open Journal for Legal Studies (OJLS), 6(2), 49-[vi]. <https://heinonline.org/HOL/Page?handle=hein.journals/ojls6&i=59>
- Maydanyk, Roman. (2024). Smart contract on crypto assets in the civil law and common law jurisdictions: implementation of best practices. Open Journal for Legal Studies (OJLS), 7(2), 15-36. <https://heinonline.org/HOL/Page?handle=hein.journals/ojls7&i=25>
- Mejparlamentskaia Asambleia gosudarstv-uchastnikov SNG. (2023). Modelnyi zakon «O sifrovyyh pravah» [On digital rights] (utv. 14aprelä 2023) .

- https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33566501&pos=3;-90#pos=3;
- Moldabekov A. K. & Smekenov B. O. (2024). Analiz podhodov k regulirovaniu rynka kriptaktivov finansovymi regulätorami v raznyh stranah dlä razrabotki modeli regulirovaniya sifrovyyh finansovyyh aktivov. [Analysis of approaches to regulating the crypto-asset market by financial regulators in different countries for developing a model for regulating digital financial assets.] Ekonomicheskoe issledovanie № 2024-7. Nasionälnyi bank Respubliki Kazahstan. <https://nationalbank.kz/file/download/105520>
- Mubarak, M. A. & Elvany, A. I. (2024). Confiscation of assets laundered through cryptocurrency transactions in Indonesia: A regulatory framework. Contemporary Issues in Criminal Law, 1(1), 37–62. <https://doi.org/10.20885/CICL.vol1.iss1.art3>
- Nelson, Caleb. (2016). The constitutionality of civil forfeiture. Yale Law Journal, 125(8), 2446-2518. <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/ylr125&i=2512>
- Nietbaeva men Qojamberdievağa qatysty qylmystyq is boiynşa ükim. (2024). [Judgment in the criminal case concerning Nietbaeva and Khojamberdieva] Qazaqstan Respublikasynyñ qylmystyq ister jönindegi mamandandyrylğan audanaralyq soty. Resmi sot aktısı. <https://drive.google.com/drive/folders/1Yo1xAhAAQX0irNneXBxd3MdKqzm4-Hwr?usp=sharing>
- Okpara, J. O., & Kalu, Helen Favour. (2020). Comparative evaluation of nigerian and international legal regimes on forfeiture of proceeds of crime. International Journal of Comparative Law and Legal Philosophy, 2(3), 44-54 <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/injllocv2&i=428>
- Omarov, E. A. & Kumarbekkyzy, J. (2021). Pravovaia priroda konfiskatsii imuşestva po ugolovnomu zakonodatelstvu Respubliki Kazahstan. [Legal nature of confiscation of property under the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan] Vestnik İnstituta zakonodatelstva i pravovoi informatsii Respubliki Kazahstan, 1(64), 173–
- Qazaqstan Respublikasy Prezidenti. (2025). Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ Qazaqstan halqyna Joldaıy: Jasandy intelekt дәuirindegi Qazaqstan: özeıti mäseleler jäne ony tübegeili sifirlyq özgerister arqyly şeşu [Poslanie Prezidenta Kazahstana]. Aqorda. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifirlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957>
- Qazaqstan Respublikasyndağı sifirlyq aktivter turaly [On digital assets in the Republic of Kazakhstan.] 2023 jylğy 6 aqpadağı № 193-VII QRZ Zañy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000193>
- Qazaqstan Respublikasynyñ 2009 jylğy 28 tamyzdağı N 191-IV Qylmystyq jolmen alynğan kıristerdi zañdastyruğa (jylystatuğa) jäne terorizmdı qarjylandyruğa qarsy ıs-qimyl turaly [On counteracting legalization (laundering) of proceeds from crime and financing of terrorism.] Zañy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000191>
- Qazaqstan Respublikasynyñ 2014 jylğy 3 şildedegi № 226-V QRZ Qylmystyq kodeksi. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
- Qazaqstan Respublikasynyñ 2014 jylğy 4 şildedegi № 231-V QRZ Qylmystyq-prosestik kodeksi. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
- Qazaqstan Respublikasynyñ Bas prokuraturasynyñ janyndağı Qūqyq qorğau organdary akademiasy. (2023, 5 qyrküiek). Qazaqstanda azamattyq tärkileu institutyn engizu josparlanuda [Jañalyq]. <https://academy-gp.kz/?p=18266&lang=kk>
- Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy. 1995 jylğy 30 tamyzda respublikalyq referendumda qabyldandy (19.09.2022 j. berilgen özgerister men tolyqtyrularymen). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029&pos=5;-90#pos=5;-90
- Rastoropov, S., & Pushkarev, V. (2024). Zamorajivanie, nalojenie aresta i konfiskatsia kriptovalüt i

- drugih sifrovyyh aktivov: puti reşeniya pravovyh i prosesuälnyh problem. Proceedings of Voronezh State University Series Law, 1, 180–185. <https://doi.org/10.17308/law/1995-5502/2024/1/180-185>
- Rennock, M. J. W. & Cohn, A., & Butcher, J. R. (2018). Blockchain technology and regulatory investigations. Practical Law Journal (Thomson Reuters), February/March 2018, 34–44. LIT-FebMar18-Feature-Blockchain.pdf
- Schaefer, D. C. (2019). Applying the sec custody rule to cryptocurrency hedge fund managers. California Law Review, 107(4), 1381–[vi]. <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/calr107&i=1407>
- Roşupkina, A. V. (2025). Problemy izätia, aresta i zamorajivania virtuälnyh aktivov v rosii i za rubejom. [Problems of seizure, arrest and freezing of virtual assets in Russia and abroad] Bulletin of Udmurt University Series Economics and Law, 35(1), 140–
- Shipikova, A. G. (2024). Conceptual approaches to defining digital objects and digital assets. Digital Law Journal, 5(2), 53-68.URL: <https://heinonline.org/HOL/Page?handle=hein.journals/dgtllwj5&id=159>
- Shipikova, A. G. (2024). Conceptual approaches to defining digital objects and digital assets. Digital LJournal, 5(2), 53-68.
- Şkabrovqa qatysty qylmystyq is boiynşa ükim. (2024) [Judgment in the criminal case concerning Shkabrovka.] Qazaqstan Respublikasynyñ qylmystyq ister jönindegi mamandandyrylğan audanaralyq soty. Resmisot aktı1 <https://drive.google.com/drive/folders/1Yo1xAhAAQX0irNneXBxd3MdKqzm4-Hwr?usp=sharing>
- Soenmandjaja, T. B.& Sejati, H., & Lamijan, L. (2024). Law enforcement of digital asset confiscation in money laundering crimes. Journal of Economics, Technology, and Business (JETBIS), 3(8), 461–470. <https://doi.org/10.57185/jetbis.v3i8.129>
- United Nations. (2003). United Nations Convention against Corruption. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/corruption.shtml
- Werbach, Kevin. (2023). Digital asset regulation: peering into the past, peering into the future. William & Mary Law Review, 64(4), 1251- [viii]. <https://heinonline.org/HOL/P?h=hein.journals/wmlr64&i=1281>
- Working paper. HAL Open Science. <https://hal.science/hal-04262537v2>
- Zetzsche, D., & Nikolakopoulou, A. (2025). Crypto custody: An empirical assessment. Journal of Financial Regulation, 11(1), 73–97. Oxford University Press. <https://doi.org/10.1093/jfr/fjaf004>

IRRST:10.77.01

Legal Issues of Non-Conviction-Based Confiscation of Digital Assets Obtained Through Criminal Means

Toilibek Simbayev
 Maqsut Narikbayev University, Astana, Kazakhstan
 email: t_simbayev@kazguu.kz

Abstract

The article discusses the issue of confiscation of property in relation to criminally discovered digital assets (cryptocurrencies, tokens, NFT (Non-fungible token) and other electronic digital rights). Digital assets are a symbol of economic development, security and transparency, investment, and financial democracy. The article analyzes the role of digital assets in the legalization of proceeds from crime. The international The Financial Action Task Force (FATF) standards, of which the Republic of Kazakhstan is a member, are analyzed. One of the urgent legal problems today is the creation of a mechanism for the confiscation of digital assets. The article highlights the importance of creating this mechanism. Examples and cases from practice are analyzed, as well as samples from foreign countries, and the effectiveness of their application in the Republic of Kazakhstan is analyzed. The legal differentiation of the process of preservation and further effective use of digital assets after the mechanism of confiscation is carried out. The effectiveness and legality of storing confiscated digital assets on the Binance Kazakhstan digital asset exchange and the use of cryptocurrencies by law enforcement agencies in crypto exchanges are analyzed. The article explains the importance of secure storage of confiscated digital assets, transparency of information about stored digital assets, and the creation of mechanisms to regulate the emergence of full control over confiscated digital assets in the state. The article defines the significance for the Republic of Kazakhstan of the use of the institution of confiscation (non-conviction based confiscation) without a court verdict. A legal assessment is given of the conformity of the institution of confiscation of property without conviction with the presumption of innocence and inviolability of property rights.

Keywords: digital assets, Binance Kazakhstan, digital asset exchange, cryptocurrency, non- conviction based confiscation

МРНТИ:10.77.01

Правовые вопросы применения конфискации цифровых активов, полученных преступным путём, без обвинительного приговора

Тойлибек Симбаев
Maqsut Narikbayev University, Астана, Казахстан
email: t_simbayev@kazguu.kz

Аннотация

В статье рассматривается вопрос конфискации имущества в отношении преступно обнаруженных цифровых активов (криптовалюты, токены, NFT (Non fungible token) и иных электронно-цифровых прав). Цифровые активы-символ развития экономики, безопасности и прозрачности, инвестиций, финансовой демократии. В статье анализируется роль цифровых активов в легализации доходов, полученных преступным путем. Анализируются международные стандарты The Financial Action Task Force (FATF), членом которых является Республика Казахстан. Одной из актуальных правовых проблем сегодня является создание механизма конфискации цифровых активов. В статье подчеркивается важность создания указанного механизма. Проанализированы примеры и кейсы из практики, а также образцы иностранных государств, проанализирована эффективность их применения в Республике Казахстан. Проводится правовая дифференциация процесса сохранности и дальнейшего эффективного применения цифровых активов после механизма конфискации.

Анализируется эффективность и законность хранения конфискованных цифровых активов на бирже цифровых активов Binance Kazakhstan и использования криптовалют правоохранительными органами в криптобиржах. В статье разъясняются вопросы важности безопасного хранения конфискованных цифровых активов, прозрачности информации о сохраненных цифровых активах и создания механизмов, регулирующих появление в государстве функции полного контроля над конфискованными цифровыми активами. В статье определяется значение для Республики Казахстан применения института конфискации (non-conviction based confiscation) без обвинительного приговора суда. Дается правовая оценка соответствия института конфискации имущества без обвинительного приговора презумпции невиновности и неприкосновенности права собственности.

Ключевые слова: цифровые активы, Binance Kazakhstan, биржа цифровых активов, криптовалюта, non-conviction based confiscation

Келіп түсті: 20 қазан, 2025